

Зырян ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Зырян ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 24 желтоқсандағы N 467 қаулысы

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңының 21-1-бабына сәйкес Зырян ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Зырян ауданы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының орындалуын бақылау Зырян ауданы әкімі аппаратының басшысы С.С.Винивитинге жүктелсін.
3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Зырян ауданының әкімі

А.Кәрімов

Зырян ауданы әкімдігінің
2015 жылғы 24 желтоқсандағы
№ 467 қаулысына қосымша

Зырян ауданы әкімдігінің күші жойылған кейбір қаулыларының тізбесі

1. "2015 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" Зырян ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 2775 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 3603 тіркелген, 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 2 "Пульс! Зыряновска" және "Көктас таңы" газеттерінде жарияланған).
2. "2015 жылға Зырян ауданының аумағында тұратын халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы" Зырян ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы № 2782 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 3602 тіркелген, 2015 жылғы 8 қаңтардағы № 2 "Пульс! Зыряновска" және "Көктас таңы" газеттерінде жарияланған).
3. "2015 жылға Зырян ауданында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысын, жан басына шаққандағы қаржыландыру және ата-ананың ақы төлеу мөлшерлерін бекіту туралы" Зырян ауданы әкімдігінің 2015 жылғы 16 сәуірдегі № 127 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2015 жылғы 21 мамырдағы № 3961 тіркелген, 2015 жылғы 04 маусымдағы № 23 "Пульс! Зыряновска" және "Көктас таңы" газеттерінде жарияланған).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК